**МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ**

| | |
|---|---|
| Қызметтің атауы | Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды сенімхат бойынша жүргізетін адамдарды тіркеу |
| Қызметті көрсететін мемлекеттік орган | Мемлекеттік қызметті облыстардың, Астана және Алматы қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың, аудандардық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді. |
| Өтініштерді қабылдауды және нәтижелерін беруді жүзеге асыратын мекеме | Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:<br>1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;<br>2) «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады. |
| Қызметтіалушылар | жеке тұлғаларға |
| Қызметтіңқұны | тегін |
| Қызметкөрсетумерзімі | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:<br>1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған қүен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде – 1 (бір) жұмыс күні.<br>2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут;<br>3) қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут. |
| Мемлекеттік қызметтің көрсетілетін нысаны | электрондық (ішінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде. |
| Жұмыс кестесі | Жұмыс кестесі:<br>1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.<br>Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру – сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін.<br>Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі;<br>2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, |

| | |
|---|---|
| | тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады). |
| Қажеттіқұжаттар | Көрсетілетін қызметті алушы не сенімхат бойынша оның өкілі жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:<br>1) көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде:<br>осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;<br>жеке басты куәландыратын құжат, ал өкілі – оның өкілетін растайтын құжат және жеке басты куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);<br>осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көлік басқаруға құқығына арналған сенімхат;<br>2) порталға жүгінген кезде:<br>осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтініш.<br>Жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкімет» шлюзі арқылы алады.<br>Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:<br>көрсетілетін қызметті берушіге (қолма-қол не почта байланысы арқылы) – қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау оның көшірмесінде құжаттар топтамасын қабылдау күні мен уақыты көрсетіле отырып, тіркеу туралы қойылған белгі болып табылады;<br>портал арқылы – көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі. |
| Мемлекеттікқызметтіңнәтижесі | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:<br>көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде – көлік басқаруға арналған сенімхатқа мөртабан қою;<br>порталға жүгінген кезде – сенімхат көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған (бұдан әрі – ЭЦҚ) электрондық құжат нысанында «жеке кабинетке» жолданады. |